

## ЯСАУИТАНУ

Сансызбай ҚҰРБАНҚОЖАЕВ

(Түркістан)

## ИАССАУИДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

*В статье речь идет о влиянии  
Х.А.Ясауи к этнопедагогике тюркских  
народов*

*Makalede, Türk halklarının  
etnopedagojisine Ahmet Yesevi'nin yaptığı tesir  
ele alınmaktadır.*

Түркі халықтары алғашқы халық болып қалыптасқанда олардың тілі мен діні, жазуы мен мәдениеті, әдебиеті мен тарихы да бір болған еді. Бертін келе заман ағымына байланысты бұлар бөлшектеніп кеті. Сонда да болса түбі бір түркі халқы болғандықтан, сол бөлшектеніп кеткен халықтардың өзінде де көне түркі дәстүрі күні бүгінге дейін жалғасып келуде. Солардың ішінде атап айтар болсақ әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, наным-сенімдері және тағы да басқа ұқсастықтары үздіксіз байланысып жатады. Соның ішінде осы түркі халықтарының этнопедагогикасының қалыптасуына Иассауи еңбектерінің тигізген әсерін қарастырып шығуды жөн көрдік. Себебі XII-XIII ғасырларда жоқ болып кете жаздаған түркі тілін қайта тірілтіп, бірінші болып айналысқа жіберген осы Иассауи еңбектері еді.

Ол кездері араб, парсы тілдері басым болып тұрғандықтан барлық жазу, сызу, қажетті құжаттар тек сол екі тілде жүретін, әрі жазу араб графикасында болатын. Сол замандарда Селжуктер билікте отырғанымен, өздері түркі бола тұрып, бәрі де кітап, өлеңдерін, құжаттарын араб, парсы тілдерінде жазып, әрі сол тілдерде сөйлейтін болған. Осындай қиын қыстау заманда Иассауи бірінші болып өз еңбектерін түркі тілінде жаза бастады, жазу өнері тек араб графикасы болғандықтан, амал жоқ сол араб әрпінде жазуға тура келді. Бірақ, бір ерекшелігі барлық хикметтері, шарифат заңдары, тағы да басқа жергілікті халыққа қажетті дүниенің бәрі де түркі тілінде жарық көре бастады. Алғашында ауызекі тарады. Бұл замандарда түркі халықтары қай дінге бас ұрарын білмей жүрген кездері болатын. Себебі араб, парсы тілдерінде жазылған ислам дүниелері жергілікті түркі халқына түсініксіз еді. Оның үстіне бұған дейін бірнеше дінді бастарынан кешкен. Мәселен: шаман (тәңірлік), иуда, будда, христиан, манихей. Енді ислам діні келген кезде, түсініксіз болып қалды. Осы кезде Иассауи өз еңбектерінде түркі тілінде айтып әрі жазып тарата бастағандықтан, бұл жергілікті халыққа жете түсінікті болып шықты, оның үстіне өздерінің көне діні тәңірлікке жақын еді.

Екінші бір кереметі Иассауи өз мектебін ашқан соң, онда тек ислам діні емес, сонымен қоса түркі – ислам дінін дүниеге келтірді. Оның ерекшелігі, ислам діні, өз қалпында өзгеріссіз қалып «Құраны Кәрімде», «Хадистерде» берілгендей сақталды да, ол бұған қосымша түркі халқының көне діні “тәңірліктің” көптеген әдет-ғұрып, салт – дәстүрлерімен, наным-сенімдері ендірілді. Бұл өте құнды болып саналып, жергілікті халық арасында тез тарай бастады. Осы еңбегінің арқасында. Иассауи әулиелік дәрежеге көтерілді. Жазған еңбектерінің бәрінде де этнопедагогикалық, педагогикалық, этнопсихологиялық және де жалпы тәлім-тәрбие мәселелері кеңінен сөз болды. Оның үстіне бұл түркі халықтарына теңдей мұра болып табылады. Сол үшін барлық түркі халқы Иассауи еңбектерінен өздеріне қажетті дүниені алып отырады. Соның ішінде этнопедагогика мәселелерін қалыптастыруда да Иассауи еңбектерін кеңінен пайдалынды.. Себебі сол кездегі түркі тілінде сөйлейтін барша халыққа түсінікті болатын. Оның үстіне сол халықтардың менталитетін, психологиясына, мінез-құлықтарына сай жазылған дүниелер еді . Бертін келе біртұтас түркі халқы бірнеше бөлікке бөлектеніп кетті. Сол кездің өзінде де, осы Иассауи еңбектерін пайдаланып келді. Мәселен; Иассауи еңбектері; қазан баспасынан татар тілінде бірнеше мәрте жарық көрді. Ташкент баспасынан өзбек тілінде бірнеше рет жарыққа шықты, түрік тілінде Түркияда да бірнеше рет жарық көрді. Бұдан да басқа түркі тілдес халықтар арасында жарық көріп жатыр. Кейінгі жылдары бірнеше рет қазақ тілінде де Алматы баспасынан де жарық көрді. Бұл Иассауи еңбектерінің түркі халықтары үшін ортақ дүние екендігін дәлелдей түседі. Бұл еңбектің қайта-қайта баспалардан жарық көруі оның құнды әрі халыққа қажетті дүние екендігіне көз жеткізудің бірден бір дәлелі.

Иассауи еңбектерін түркі халқы ғасырлар бойы пайдаланып келуде. Ол еңбектерінде өзіне дейінгі өз заманындағы ғұламалардың ақыл кеңестерін пайдаланып оны келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Қайсы еңбекті алмайық, тұнып тұрған өсиет сөздер, олар қара сөзбен де, өлең шумақтарымен де «Хикмет» түрінде де жазылған және айтылған.

Жоғарыда айтып өткендей Иассауидің біраз еңбектері баспалардан түркі тілдерінде (түрк, татар, қазақ, өзбек т.б.) жарық көрген. Олар негізінде мынадай аттармен мәлім: «Диуани хикмет», «Пақырнама және Мінәжатнама», «Көңілдің айнасы» және өмірбаяны ретінде түрлі аңыз әңгімелермен хикаяттар. Иассауидың түркі әлеміне тігізген үш қызметі мен Иассауи дүние танымындағы жеті принцип осы еңбектерде кең қамтылған. Себебі осы мәселелер түркі әлемімен қоса бүкіл дүние жүзі халықтарына қажетті дүние секілді. Сол үшін осы мәселелерді жеке-жеке қарастырып өтейік.

Сонымен үш қызметі:

«Түркшенің жандануы», «Исламның түркілер арасында таралуы», «Тура мұсылмандық түсінігі».

Үш қызметтің біріншісі болып табылатыны – «Түркішенің жандануы». Мұндағы негізгі көрсететін қызметі, сол замандарда барлық халық арабша, парсыша сөйлеп, жаппай жазулары мен құжаттарын сол тілдерде жазатын болды. Міне, сол кезде Иассауи солардан бірінші болып түркі тілінде хикметтермен шарифат заңдарын жаза бастады. Әуел баста ауызша таралып, кейіннен жазба түркіде көбейді. Бұл туралы Иассауидың бір шумақ хикметін келтіргенді жөн көрдік:

«Қостамайды ғалымдар біз сияқты түркіні,  
Арифтерден есітсек, ашар көңіл – мүлкіні,  
Аят хадис мағынасы түркі болса керемет,  
Мағынасын ұққандар жерге қояр бөркіні».

Осылайша өз хикметтерінде түркі тілінің құндылығын, байлығын мадақтап отыратын болған. Осындай тапжылмай, қаймықпай еңбектенудің арқасында түркі тілін алғаш айналымға жіберіп, патша ағзамдарды мойындатқан, соның жемісі ретінде түркі тілі өлмей аман қалып отыр.

Иассауидің екінші қызметі “Исламның түркілер арасында таралуы” болып саналады. Бұл қызметті іске асыру үшін өз шәкірттерін көптеп дайындап, оларды бүкіл “Қорасанмен” “Түркістанға” жолдамамен жіберіп отырды. Олар барған жерлерінде мешіт, медреселер ашып дәрістерді түркі тілінде жүргізе бастады. Барлық Иассауи хикметтерімен шарифат заңдары түркі тілінде болды. Өз тілдерінде жазылған еңбектерді түркі халқы тез қабылдап исламды мойындай бастады.

Иассауидың үшінші қызметі – “Тура мусылмандық түсінігі”.

Ислам дінінің тура жолымен, түркі ислам ұғымындағы діни қағиданың негізін қалау, ислам дінін түркілер арасында ендіру өте қиынға соққан. Себебі ислам діни келгенге дейін түркі халқы бірнеше дінді қабылдаған. Оның ішінде ең көп әсер еткені – “Тәңірлік” ата діні еді. Осыны ұғынған Иассауи ислам дініне ешқандай өзгеріс ендірмей, тек оған қосымша ислам дініне қарсы келмейтін түркі халықтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерін ендіріп «Түркі ислам дінінің» негізін қалаған. Сол себептен де Иассауи жолы түркі халқы үшін тура жол болып табылады.

Ал, енді келесі қарастыратынымыз “Иассауи дүниетанымындағы жеті принципі”. Бул мынадай жеті принциптен тұрады: «Алланы сүю (Тәңірге ғашықтық)», «Ықылас және шын жүректілік», «Адам сүйіспеншілігі», «Білім», «Асқа құрмет», «Әйел-еркек жұптылығы», «Жақсы көру (дінге, тілге, ұлтқа, жынысқа бөлмей)».

Иассауи “хикметтерінің” негізгі сарыны Алланы сүюге (Тәңірге ғашықтыққа) бағышталған. Себебі бұл сопылық ағым Аллаға қаушудың бірден бір жолы болып табылады. Аллаға махаббатпен тек оны сүю, оған ғашық болу арқылы ұласу мүмкін. Аллаға махаббатпен ұласу, жақындау дегеніміз... “Махаббаты жоқтың діні де, иманы да жоқ...” деген ұғымды мегзейді. Иман туралы Иассауи өз “Хикметтерінде” төмендегідей жазып кеткен. “Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер”. Яғни Иассауи “иманды”

сөйлеткен. Яғни, бірінші принципінде Аллаға қалай жақындау керек екендігін түсіндіріп өтеді. Ол туралы “Хикметтерінде” көптеп жырлайды.

Екінші принципі “Ықылас және шын жүректілік”. Ықылас тек Алланың ризашылығы үшін құлшылық ету, «өзі мен сөзі» бір болу. Екі жүзділік зиякерліктен қашуды ықылас дейді.

Дін Алла үшін тек Алла үшін, мұндай Алла үшін құлшылық етудің аты “ықылас”, яғни шын берілу, адалдық, шын жүректілік “өзі мен сөзі” бір жерден шығатын, зиякерліктен алшақ жүретін, екі жүзділікті қару етпейтіндер. Дінді кей біреулер дәрежесін, мансабын көтеру жолында көрініс үшін қолданады. Аллаға көзбояушылықпен жалған құлшылық жасайды. Міне осындай істерден аулақ болып иманды болуға шақырады. «Иманды мұсылман еш уақытта Аллаға жалған құлшылық етпейді» –деп Иассауи өз “Хикметтерінде” жырлап өткен. Мұндай игі өсиеттерді пайдаланудың орасан зор тәлім тәрбиелік мәні бар.

Үшінші принципі – “Адам сүйіспеншілігі”. Бірінші сүю, Аллаға махаббат болса, екінші сүю, Алланың сүйіп жаратқан құлы адамға деген махаббат, сүйіспеншілік. Себебі адам бүкіл он сегіз мың ғаламдағы жаратылғандардың ішіндегі ең құрметтісі, мәртебесі жоғарысы. Өйткені адам “...болмыстың өзі, діні”, Адамның дертін бөлісу, аяушылық ету, жәрдемдесу, көмектесу, қол ұшын беру оған деген махаббатты, сүйіспеншілікті білдіреді. Бұл исламның дәл өзі. Исламда бір-біріне қол ұшын беру, көмектесу, жәрдемдесу мәселелері туралы “Құранда”, «Хадистерде» көптеп келтірілген. Оның ішінде, әсіресе, жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге, жалғыз бастыларға, ғарыптарға, пақыр-мүскіндерге тағы да басқа өмір сүруге мұқтажды болған адамдарға жәрдемдесу исламның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

Енді келесі принципі, төртінші: “Иассауидың білім туралы түсінігі”. Сопылық жолға түсу үшін үлкен-үлкен төрт “мақамды” (асуды) басып өтуі қажет. Осы төрт “мақам” тағы да он, оннан бөлініп барлығы қырық мақам болады. Төрт мақамның біріншісі «Шариғат», екіншісі «Тариғат», үшіншісі «Мағрифат» ал төртіншісі «Ақиқат». Осы төрт мақамның бірінші мақамының жетіншісінде: ғылым, (білім) үйренбек тұрар – делінген. Осыған дәлел ретінде төмендегілерді атап өтуге болады.

Ислам діні шындығында тек, мұсылмандарға ғана емес, бүкіл адамзат тарихында терең із қалдырды. «Басқа пайғамбарлар тек жеке-жеке қауымдарға жіберілсе мен жалпы адамзатқа жіберілдім» – деп Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз өзі айтқандай, адамзаттың қолы жеткен адамдық қасиеттердің, ғылымы жетістіктерінің барлығы қасиетті, құтты кітабымыз «Құранның» арқасы. «Құрани Карим» адамдар арасындағы теңдік пен құқықтық ережелерді орнықтырып, рухани өркениеттің дамуына, білімді және зерттеуді бұйыру арқылы ғылымның дамуына ықпалын тигізді. Нобель сыйлығының иегері, Пәкістандық профессор Абдусалам қасиетті «Құран» кітабымызда 750 аяттың адамдарға біліммен зерттеу ісін бұйырғаны жайында баяндайды. Бұл бұйрықтарды талдап дұрыс ұғынған мұсылмандар Алланың

жол көрсетуімен ғылымға бет бұрып, нәтижеде ислам өркениетін, мәдениетін тарих сахнасына шығарды.

Ислам өркениеті бүгінде ғылымның негізгі саласы болған математиканың пайда болуына, арифметика мен алгебра, тригонометрия, астрономия, медицина, оптика, химия сияқты іргелі (табиғи) жаратылыстану ғылым салаларына жол ашты. Міне осындай білімнен сусынданған Иассауиде өзінен кейінгі келер ұрпаққа мол баға жетпес мұра қалдырды. Онда өзінің жастайынан білімге күштар болғандығын, 17 жасында Түркістанға келіп білім алғандығын, 27 жасында пірін тауып Хамадани кұзырына барғандығын және 34 жасында ғалым болып жоғары дәрежеге көтерілгендігін толық жырлап өтеді.

Келесі бесінші принципі – “Асқа құрмет, аспен істің қасиеттілігі”. Мұнда Иассауи келер ұрпақты, замандастарын асты құрметтеуге, еңбекті қадірлеуге шақырады. Әр бір табылған нәпақа адал маңдай терімен табылу керек екендігін өз хикметтерінде үздіксіз жырлап отырады. Нәпсіні тежеп, тағамды орынсыз ысырап етпеуді өсиет етеді. Оның үстіне сопы өз нәпақаларын таза еңбек етіп маңдай терлерімен тапқандығын айтып өтеді. Мәселен Хамадани ғылымнан бос уақытында нақшорнек салумен айналысқан, Ибрахим шайх Иассауидың әкесі диқаншылықпен шұғылданған, Иассауидың өзі қасық, шөміш, ожау т.б. ағаш бұйымдарын жасап, соны сатып күн көретін болған. Жұбайы болса пәренжі тоқумен айналысқан, содан түскен қаражатқа тағам, киім алатын болған. Міне бәрі де адал маңдай терімен табылған қаражаттарын пайдаланған. Мұнда да көрініп тұрғандай келер ұрпақ үшін баға жетпес тәлім тәрбие көзі бар.

Келесі принципі – “Әйел мен еркек жұптылығы, теңдігі”. Иассауи әйелдер мен ер кісілердің теңдігі туралы өз хикметтерінде көптеп жырлайды. бар мағлұматтар. Оның үстіне бұл принциптер – тек бір ғана халық немесе ұлт үшін айтылмаған, жалпы адамзатқа арналған баға жетпес құнды өсиеттер. Ендігі жетінші принципін қарастырып шығайық,. Ол: “Жаксы көру”. Мұндағы негізгі қарастырылатын мәселе, жалпы адамзатты тіліне, дініне, ұлтына, жынысына қарап бөлмей бәрін бірдей тең көру, яғни бәріменен тіл табысып дос болу. Бұл туралы Мухаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың сөзі бар, «Дінде, яғни, исламда міллат, ұлт жоқ. Яғни ислам боламын деушілердің ұлтына, түр түсіне, жынысына қарамастан қабылдана береді”- деген .

Ал Иассауи болса бұл туралы өз хикметтерінде былай деп жырлаған:

«Сүннет екен, кәпірде болса берме азар,

Көңілі қатты ділазардан құдай безер» .

Қысқасы жақсы көруді Иассауи осылай жырлаған және өз бастауын “Құрани Кәрім мен хадистерден “ алған.

Ал енді қорыта келе айтатынымыз Иассауидің қайсы еңбегін алмайық бәрінде құнды баға жетпес тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелер. Сол себептен

де барлык түркі халқы өздерінің этнопедагогикасын, этнопсихологиясын, философиясын, тарихын, тілін, дінін, ділін тағы да басқа ғылымдарын қалыптастырып бір жүйеге түсіргенде Иассауи еңбектерін пайдалан арына күмән келтірмеуге де болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Алдашев, Ж.Әлімханов. “Қазақ халық медицинасының құпиясы”. А., Қазақстан. 1992.
2. Р.Н.Безертинов. “Тэнгрианство – религия тюрков и монголов”. Набережные Челны, Азия, 2000.
3. Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. “Қазақ бақсы-балгерлері”. А., Ана тілі, 1993.
4. Намық Кемал Зейбек. Анкара., Bilik, 1998.
5. Құрбанқожа Сансызбай. “Дәрі дәрмексіз емдеу жолдары”. Шымкент-Түркістан 1995.
6. Құрбанқожа Сансызбай “Кейбір адамдардың ерекше кереметтері”. Шымкент-Түркістан. 1995.
7. Құрбанқожа Сансызбай “Қазақтың төл және кірме халықтық медицинасы” Түркістан-Алматы. 1995.
8. Құрбанқожа Сансызбай “Мұхаммед (С F С) пайғамбар аманаты”. Шымкент-Түркістан 1995.
9. И.И.Юзвшин. “Основы информатиологии”. Москва, “Высшая школа”, 2000.